

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті

С.Қ.Мұхамбетова

**ПЕДАГОГИКА
ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Ақтөбе- 2004

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті

С.Қ.Мұхамбетова

**ПЕДАГОГИКА
ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Ақтөбе- 2001

© Мұхамбетова С.Қ.

Педагогика және педагогикалық технологиялар (оқу құралы).

Ақтөбе, 2001. 108 бет.

ISBN 999-65-550-87-3

Еңбекте бүгінгі күн талабына сәйкес педагогика және педагогикалық технологиялар теориялық, іс-тәжірибелік тұрғыдан қарастырылады. Жоғарғы оқу орнында маман мұғалім кадрларын даярлауда педагогика ғылымының алар орны ерекше екендігін көрсете отырып, ұстаздық шеберлікті, біліктілік пен іскерлікті қалыптастыру көзі-педагогикалық технологиялар туралы терең мағлұмат беру көзделеді.

Пікір жазғандар:

К.Ж.Қожахметова — педагогика ғылымдарының
докторы, профессор

С.Е. Қантарбаев — педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Баспаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің әдістемелік кеңесі ұсынған.

ISBN 999-65-550-87-3

© С.Қ.Мұхамбетова

Алғы сөз

Алдыңыздағы “Педагогика және педагогикалық технологиялар” оқу құралының қазақ тілінде осыған дейінгі жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарынан елеулі айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі бар.

Білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеті, мазмұны өзгерді. Бұл оқыту, тәрбиелеу технологиясын да өзгертуді, жаңашылдық тұрғысынан қарауды қажет етеді.

Педагогика ғылымының тарихы сан замандар тарихына кетеді. Педагогикалық теория мен тәжірибенің даму, қалыптасу жолдарын қарастыру әрбір тарихи кезеңде, дәуірде оның сол заман талабына сәйкес өзгерістерден өткенін көрсетеді.

Ал Қазақстанда педагогика ғылымы туу, қалыптасу дәуірінен әлдеқашан өтті. Педагогика – бүгінде күрделі де қиын, қызықты да көп салалы, жүйелі ғылым. Ол даму-өсу, өркендеу кезеңдерін қазіргі уақытта да басынан кешіруде.

Қазақ халық педагогикасының, этнопедагогикасының, педагогика ғылымының көптеген салаларының әсіресе салыстырмалы педагогиканың, педагогика тарихы мен педагогиканың өзге де салаларын зерттеу бағытында соңғы кезеңде біршама батыл қадамдар жасалып, көптеген тәл оқу құралдары мен оқулықтар, бұрынғы аударма оқулықтардан (Т.А.Ильина “Педагогика”, Алматы, “Мектеп”, 1977, Н.В.Савин “Педагогика”, Алматы, “Мектеп”, 1975), өзге жаңа оқулықтар буыны: Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Б.Ж. “Педагогика”, Астана, 1998 ж., Е.Сағындықұлы. Педагогика (дәрістер курсы), Алматы, 1999 ж. өмірге келді. Әйтсе де, ерекше жергілікті аймақтық жағдай, ұлттық этностық ерекшелік, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім саясаты тұжырымдамасында айқындалған мақсат, міндеттерге сай педагогикадан қазақ тілінде жазылған оқулықтың, оқу құралдарының тапшылығы, педагогикадан орыс тілінде, әсіресе, соңғы жылдары шыққан Л.И.Пидкасистый редакциялаған “Педагогика” Москва, 1995, И.П.Подласый “Педагогика”, 1996, Б.П.Лихачев “Педагогика” (дәрістер курсы), Москва “Прометей”, 1996, В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов “Педагогика”, Москва “Школа-Пресс”, 1998, С.А.Смирнов “Педагогика” Педагогикалық теория, жүйе, технология. Москва “Академия”, 1999, Н.К.Степаненков “Педагогика”, Минск, 1998, М.В.Кларин “Инновации в мировой педагогике” Рига, 1995 (бұл толық тізімі емес), оқулықтар сияқты тәл, ірге тасы ана тілімізде қаланған фундаменталды, альтернативтік оқулықтар дүниеге көптеп келсе, нұр үстіне нұр болар еді деген ой көпшілік назарына аталмыш еңбекті ұсынуға ықпал етті.

Педагогика теориялық әрі қолданбалы ғылым болғандықтан, бір жағынан ол теориялық тұжырымдар мен идеяларға, әдіснамаға сүйенетін болса, екінші жағынан ол озат педагогикалық іс-тәжірибеге, барлық ғылымдардың жетістіктеріне, жалпы көпшілік тәжірибеге сүйенеді. Соған сәйкес дамиды. Өндірістік технология ұғымының педагогикада қолданылу аясының күнбе-күн кеңейе түсуі, педагогикадағы технологиялық қатынасқа жан-жақты талдау жасауға бағытталған зерттеу, ізденіс жұмыстарына қызығушылық туғызғаны айқын байқалады.

Соңғы кезде педагогикада пайдаланылып жүрген ұғымдардың ара-жігін ашып, нақтылау, орынды, дұрыс қолдану қажеттігі туындап отыр.

Бұл педагогика мен педагогикалық технологияларды толық қарастыруды, мазмұнын, мәнін, құрлымын ашып көрсетуді қажет етеді.


Педагогика мен педагогикалық технологиялар әліппесі

Негізгі педагогикалық ұғым-түсініктер


Педагогика саласындағы көптеген терминдер грек және латын сөзінен алынған. Мысалы, “педагог” деп баланы мектепке апаратын құлды атаған. Кейін бұл сөз тәрбиелеуші, мұғалім, оқытушы және педагогика саласындағы мамандар-педагогтар ұғымын алды.

“Педагогика” сөзі де гректің “*paídalagōgikē*” сөзінен шығып, тәрбие беру, келешек ұрпақты оқыту туралы ғылым деген түсінікке ие болды. Жылдар өткен соң, бұл анықтама нақтыланып жүйеленді, бірақ мағынасы көп өзгерген жоқ: “Педагогика – бұл әдейі ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатқа бағытталған, адамды қалыптастырудағы жүйеленген іс-әрекеттер, тәрбиенің, оқытудың, білім берудің мазмұны, әдіс, түрлері туралы ғылым: /12, 297 бет/. Осы анықтама бойынша педагогиканың негізгі категорияларын: білім беру, оқыту тәрбие, құрайды.

Білім беру дегенде білімді игеру, шеберлікті және дағдыны игерту деп түсінеміз.



Педагогикалық теорияның, ірге тасы, барлығын қамтитын мақсат қою идеясы төмендегідей “үштіктердің” бірлігінен құралады:



Мұнан білім беру деп табиғат, қоғам, адам, оның ойлауы жайында жинақталған білім жүйесін адамның меңгеруін, әрі оны іс-тәжірибеде, өмірде қолдана білуді түсінеміз.


Білім (education) “салдар, нәтиже” – “басшылық” “е” – “duco” – латын сөздерінен құралған. Білім беру – адамды надандықтан білімділікке апаратын процесс.

Оның нәтижесі білім беру жүйесіне дұрыс, тиімді педагогикалық басшылық жасай білуге тікелей байланысты.

Ұжымның шығармашылық еңбегін басқару мәселелерін қарастыра отырып, В.А.Сухомлинский “Мектептің жас директорларымен сырласу” атты еңбегінде: “Менің пікірімше, оқу-тәрбие процесінің үш бастауы бар: ғылым, шеберлік және өнер. Оқу-тәрбие процесіне жақсы басшылық жасау дегеніміз бұл оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылымды, шеберлік пен өнерді өте жоғары деңгейде жан-жақты меңгеру”, - дейді /72, 12/.


Бірақ білім беру адамның дарындылығының және танымдық қажеттіліктерінің даму деңгейін, оның тәжірибеде әртүрлі іс-әрекетке дайындығының деңгейін көрсетпей ме? Сөйтіп, білім берудің екі түрін ажырата аламыз: орта және жалпы мамандандырылған білім беру. Жалпы білім беру әр адамның меңгерген шеберлік, дағды, білім арқылы жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді және бұл білім әрі қарай мамандық бойынша кәсіби білім алуға көмектеседі. Білім берудің мазмұнының деңгейі мен көлемі жалпы білім беруде алғашқы, орта және жоғары болуы мүмкін. Қазір үздіксіз білім беруде “ересектерге білім беру” ұғымы пайда болды.

Айта кететін мәселе “білім беру” термині соңғы кезде кең мағынаға ие бола бастады. В.С.Лебедевтің атауы бойынша “білім беру – бұл әлеуметтік тәжірибені келесі ұрпаққа тұрақты беріліп отыратын, қоғамы ұйымдастырылған, қалыпқа келтірілген үрдіс...” /40, 52./ Білім беру мазмұнын ел былай түсінеді: “...біріншіден, келесі ұрпақтың тәжірибені меңгеруін, екіншіден, тұлғаның типологиялық сапаларын тәрбиелеуді, үшіншіден, адамның ой жүйесі мен дене бітімінің дамуын сипаттайтын бір тұтас мазмұн...” /40, 54/. Осыдан білім берудің үш компоненті бөлініп шығады:




Қазіргі уақытта білім беру ұғымына осылай түсінік берілуде, бірақ бұл идея жаңа соны идея емес екені айқын. Дамыта оқу туралы идеяны И.Т.Песталоцци енгізген, ал К.Д.Ушинский бұл идеяны ұлы жаңалық деп атап, өзінің педагогикалық жүйесінде әрі қарай дамытқан.

Енді “оқыту” түсінігін қарастырайық. Ол білім беру мен тәрбиенің ең маңызды құралы боп есептеледі. “Оқыту” деп, келешек ұрпаққа білімді жеткізу, оның осы білімдерді меңгеруін және үздіксіз білім беруге қажетті танымдық іс әрекеттерді түсінеміз.



Оқытудың үздіксіз болуы қазіргі замандағы мәдениетті адамның ерекше белгісі болып табылады.

Біздің уақытымыздың экономикалық формуласы: білу, істей алу, қалау, үлгеру, үздіксіз оқыту мен өзін-өзі оқытудың қозғағышы болып есептеледі.



Педагогика ғылым ретінде мынадай басты үш сұраққа жауап іздейді:

I.

- 1) тәрбелеу мақсаты;
- 2) тәрбиелеудің мазмұны;
- 3) тәрбие әдістері, тәсіл, құралдары, тәрбие процесінің құрлымы, тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасы, т.б.

II.

- 1) оқыту мақсаты (не үшін оқыту);
- 2) оқытудың мазмұны (нақты нені оқыту);
- 3) оқытудың әдістері мен құрылымы (қалай оқыту), түрлері, типі т.б.

III.

- 1) дамыту мақсаты;
- 2) дамыту мазмұны;
- 3) дамыту жолы.

Ұғымдар (категориялар) – объективті педагогикалық құбылыстарды, қасиеттерді және қатынастарды бейнелейтін ойлау формасы, санамыздың сатылары.

Педагогикалық ұғымдар арқылы педагогикалық құбылыстар, олардың өзара байланысы, даму заңдылықтары айқындалады.

Оқыту заңдылықтары

Заңдылық дегеніміз - оқыту үрдісінде объективті, мәнді, қажетті, жалпы, тұрақты, әрі белгілі бір жағдайда қайталанып отыратын өзара байланыстылықтарды бейнелейтін құбылыс.

Қатаң түрде белгіленген заңдылықтар заң болып табылады. Заңдылықтар ғылыми заң ретінде қалыптасуы үшін төмендегідей талаптар, шарттар қажет:

- 1) нақты анықталған зерттеу нысанасы белгіленіп, олардың арасындағы байланыстар қарастырылса;
- 2) бұл байланыстардың түрі, формасы мен сипаты зерттелген болса;
- 3) байланыстардың ықпал ету өрісі, қызмет көрсету аймағы, әрекеттің көріну шегі анықталса, жүзеге асатындығын естен шығармауымыз керек. Сөйтіп, жоғарыда көрсетілген басты үш шарт орындалғанда ғана заңдылық ғылыми заң түрінде анықталады.


Заңдылықтар мен заң ғылыми теорияның ең басты құрымды бөлшегі, негізгі компоненті болып есептеледі.

Төменде 1-суретте берілген дидактикалық теорияның құрылымында заңдылық пен заңның теорияның өзге құрылымдас бөлімдері аксиомалар, қағидалар мен теория ережелерімен - байланысын айқындап көрсететін көрнекі-бейнелі моделі, әрі теорияның тәжірибемен қалай бірігетіні бейнеленген.



1 кесте

Оқытудың заңдылықтарын топтастыру




2 кесте


Оқытудың (принциптері) қағидалары мен ережелері

Принцип *pricipium* латын сөзі, бастапқы, негізгі деген мағынаны білдіреді. Оқыту принципі – барлық оқыту процесінде, түгелдей оқу пәндерін оқытуда басшылыққа алынатын негізгі қағидалар; нұсқаулар; ережелер;

- мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетін, үйрену мен оқыту әрекетін айқындаушы алғы шарттар.



3 кесте



4 кесте

Оқытудың ғылымилығы – оқытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың шынайы ғылыми білімді меңгеруін, дүниетанымының қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық принцип.

Оқытудың түсініктілігі және шамасына сәйкестігі – оқып отырған білімінің мазмұны мен көлемінің оқушының жас ерекшелігіне, білім мен түсінігіне, ақыл-ойының даму дәрежесіне, шамасына сай келуі туралы негізгі дидактикалық принцип.

Тәрбие үрдісінің жалпы заңдылықтары

Жалпы заңдылықтардың тәрбие үрдісіне ықпал ету өрісі барлық жүйеге қатысты таралады. Жалпы заңдылықтар тәрбие жүйесінің неғұрлым үлкен, маңыздыларының өзара байланысын көрсетеді. Жүйенің бөлек компоненттері арасындағы байланыстарды айқындайтын заңдылықтар нақты, жеке болып есептеледі. Тәрбие жалпы педагогикалық үрдістің бөлшегі ретінде оның барлық заңдылықтарына бағынады. Әрі осы үрдістегі байланыстар анықталып, ондағы ауқымды, үлкен жүйелерге тән даму мен қалыптасу сипаттары байқалады. Міне, мұнан тәрбие үрдісінің көп қырлы әрі өте күрделі екендігіне көз жеткізуге болады. Талданатын заңдылықтар барлық байланыстарды бейнелемейді: олар жүйедегі байланыстардың кіші бөлімдерін ғана қамтиды.

Тәрбие заңдылықтары тәрбиенің қоғамдық қажеттілік пен әлеуметтік жағдайға тәуелділігінен туындайды да, жеткіншектерді оқыту, тәрбиелеу, білім беру процестерінің өзара байланыстылығына, тұтастығына негізделеді.

Педагогикалық үрдістердің заңды байланыстарын ескеру ұжым мен жеке тұлғаға тәрбиелік ықпал жасаудың неғұрлым тиімдірек тәсілдерін таңдап алуға мүмкіндік береді. Әрбір тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара ынтымақтастығын дамыту жолын көрсетеді. Ынталандыру құралдары мен әдістерінің орнын, мәнін ашуға көмектеседі, орынды қолдануға мүмкіндік береді. Жеткіншектердің дамуында іс-әрекет пен қарым-қатынастың маңызды рөл атқаратындығы, тәрбие процесін ұйымдастыруда балалардың жас және жеке, жыныстық ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Тәрбиенің негізгі заңдылықтары:

- тәрбиенің халықтық, әлеуметтік, жалпылық сипаты.
- оқыту, тәрбиелеу, дамытудың біртұтастығы, бірлігі, өзара байланыстылығы.

- тәрбие процесінде бала дамуының іс-әрекеттер мен қарам-қатынасқа тәуелділігі.
- тәрбиенің балалардың жас және жеке басының ерекшелігіне тәуелділігі.
- ұжым мен жеке баланың тәрбие процесіндегі өзара байланысы.
- біртұтас тәрбие процесіндегі тәрбие мақсаты, міндеті, мазмұны, әдіс-тәсілдері, түрлерінің өзара бірлігі, байланыстылығы.

Тәрбие үрдісінің басты өту кезендерінің құрылымын 5-суретте көрсетілгендей қарастыра отырып П.И.Подласый: оның нәтижелілігі “Тәрбие үрдісі терең заңдылықтарының бірлігі мен бірізділігіне сүйенеді” – деген тұжырымға келеді /59, 443/.



5 кесте

Тәрбие процесінің қозғаушы күші

Қарама-қайшылықтар:

Тәрбиенің алдында тұрған жаңа мақсат-міндеттері Жинақталып-сараланған моральдық-әдептілік тәлім-тәрбие-лік тәжірибе Тәрбиенің ұжымдық түрлері Тәрбиеленушілердің өзіндік белсенділігі Қоғамдық орындарда сақталуға тиісті адамгершілік-әдептілік ережелері мен нормаларын білу Жеке тұлғаның адамгершілік-эстетикалық идеалы Әлеуметтік ортадағы тәртіпсіздік ықпалы	Оқушының тәрбиелігінің деңгейі Баланың жеке басының өмірлік тәжірибесі Рухани байлықты игерудің жекелік сипаты Оқу-тәрбие процесінің уақыт тарапынан шектеулігі Сәйкес дағды мен шеберліктерінің қалыптасқандығы Тәрбиелеушінің нақты тәртібі Тәрбиенің мақсат бағыттылығы мен жоспарлары
--	---


**Тәрбие процесіне тән ерекшеліктер:
секірмелік, қайшылықтық, созылмалық, шектеусіздік, кешенділік:
диалектикалық.**

Тәрбие қағидасы (принципі)

Тәрбие қағидасы дегеніміз – тәлім-тәрбие үрдісінің жалпы бағытын айқындайтын, бастапқы негізін белгілейтін нұсқаулар жиынтығы, яғни тәрбиелік іс-әрекет, қызмет, қарым-қатынасты не ықпалды ұйымдастыруда басшылыққа алынатын, әрі оның мазмұнын айқындайтын идеялардың жиынтығы.

Қағида, әдетте, берілген іс-әрекет түрінде адамның басшылыққа алатын ережелерін бейнелейді. Тәрбие қағидасы – бұл тәрбиенің жалпы заңдылықтарын көрсететін ережелер жиындығы.

Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің тұрақты ынтымақтастығы, тәрбие процесінің жүйелілігі мен қалыптылығын, реттігін қарастырады. Біртұтас тәрбие процесінде тәрбие принциптері өзара байланысты, әрі бір-біріне тәуелді болады.




Тәрбиенің үздіксізділігі принципі:



Тәрбие мен қоғамдық процестердің өзара байланыстылық принципі

Оқушылардың әлеуметтік қатынасқа түсуін қарастырады.




Тәрбие процесінің негізгі сипаты:

- мақсаттылығы,
- көпжақтылығы,
- ұзақтығы мен үздіксіздігі,
- нәтижесінің бірден көрінбейтіндігі,
- басқарудың қиындығы.

Тәрбиенің басты салаларына, мазмұнына, атқаратын қызметіне сәйкес оның құрамдас бөлімдерін ажыратамыз. Әрбір іс-әрекеттің, шығармашылық ойлаудың, қарым-қатынастың негізінде адамзат баласы, қоғамы жинақтаған тәжірибе, ақыл-ой, пікір, идея, көзқарас, дүниетаным, мәдени мінез-құлық, рухани, адамгершілік – имандылық сапа, интеллектуалдық таным жатады. Бұл өмірде адамның өз орнын табуына көмектеседі. Жеке адамның жан-жақты жарасымды дамуы, “сегіз қырлы бір сырлы” жанның қалыптасуына, яғни жеке тұлғаның барлық қасиеттері мен сапаларының, дене бітімінің, рухани-әлеуметтік болмысының, ақыл-ойының үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл тәрбиеге кешенді қатынасты талап етеді. Тәрбиеге кешенді қарау - әрбір жеткіншектің жас және жеке дара ерекшелігін ескере отырып, дене, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, адамгершілік, саяси-мәдениеттілік тәрбиесінің тығыз бірлігін қамтамасыз ету, тәрбиенің әдіс-тәсілі, құрал-жабдығы мен формасын, мән-мағынасын, жан-жақты пайдалану, тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеуді үйлестіру. Кешенді қатынас тәрбие үрдісін жүйе ретінде қарастыруды көздейді.



7 кесте



8 кесте

Жаңашылдық оқыту технологиялары, олардың мәні мен даму жолдары

Оқыту тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді. Бұл орайда іс-тәжірибеде ғылымда көптеген көзқарастар мен нұсқаулар бар. Сондай бір бағыты - педагогикалық процесті технологияландыру. Педагогикалық технологияның мәні мен мақсаты неде? Алдымен дүниежүзілік педагогикалық үрдісте “технология” ұғымының даму тарихын қарастырайық.

Педагогикалық технологияны дамыту мәселелерін 60 жылдардан бері әртүрлі жағынан көптеген елдердің: Болгарлық И.Марев, Польшалық Ч.Купесевич, Ф.Янушкевич, В.Окунь, АҚШ-тық Скиннер, Венгриялық Л.Сепеш, Ресейлік В.Л.Беспалько, Б.Т.Лихачев, Н.П.Подласый, П.И.Пидкасистый, С.И.Высоцкая, Қазақстандық М.Ж.Арыстанов, Ж.С.Хайдаров т.б. ғалымдары қарастырады.

Педагогикалық технология соңғы кезде оқыту проблемаларын, тәрбиелеу мәселелерін шешуді технологияландыру мәселесінің туындауына байланысты өмірге келді. Ал қазіргі кезеңде оқыту теориясындағы оқытуды құрастыруға технологиялық қатынас “технология”, “педагогикалық технология”, “оқыту технологиясы”, “тәрбие технологиясы”, “ойын технологиясы”, “дамыту технологиясы”, т.б. ұғымдарды бір-бірінен ажыратып, жеке-дара қарастыруды қажет етеді.

Технология – латын сөзі, *texne* - өнер, кәсіп, шебершілік, *logos* – ғылым, ілім деген мағынаны білдіреді. Дүниежүзілік педагогикалық үрдісте, ғылымда технология ұғымының қалыптасу, даму тарихына тоқталсақ, ол өз дамуын өте ертеден, Я.А.Коменскийдің “Ұлы дидактика” еңбегінен алады. Я.А.Коменский: “Оқыту нәтижелі жүру үшін оны техникалық, технологиялық деңгейге көтеру керек,” - деген болатын / /.

Технология – тәртіп бойынша реттеліп жоспарланған іс-әрекет, үрдіс (процесс) және педагогикалық тәсілдердің жиынтығы түрінде берілген педагогикалық жүйе. Педагогикалық технология жобалау, реттеу, әрі іс-тәжірибеде оқыту мен тәрбиелеу жобасын жүзеге асыру. Қ.Қабдықайырұлы “Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы” еңбегінде: “Педагогикалық технология дегеніміз педагогтар жеке басының шығармашылық күш-қуатын өрістетуді қамтамасыз етудегі, адамаралық және іс-әрекеттегі, қарым-қатынасты жоғарылатудағы, кәсіби еңбектегі адамның рухани жоғары биіктен көрінуіне ықпал ететін адамгершілік жүйе,” - деп анықтама береді /29, 37/.

Технологияның мәні мен оның мазмұнын түсінуге бұл уақытқа дейін әртүрлі қатынастар қалыптасты. Технология ұғымы өз

дамуының әрбір кезеңінде уақыт талабына сәйкес өзгерістерге ұшырап отырды. Біздің дәуірімізде жаңа мазмұн, жаңа сипатқа ие болды. Технология ұғымының 1-даму кезеңінде 1940-1950 жылдар аралығында оқыту процесінде техникалық құрал-жабдықтарды (дыбыстық болмаса дыбыссыз көрсететін) пайдалануды білдірді. Ал білім беру технологиясы, оқыту қарқынының (темпінің), түрінің өзгеруіне сай 1950-1960 жылдары өз дамуының 2-кезеңіне өтті. Бұл кезеңде оқыту технологиясы деп бағдарламалық оқыту жолын түсінді. 70-жылдары техникалық құралдар мен бағдарламалық оқытумен қатар педагогикалық технология оқушылардың оқу процесі үстінде танымдық іс-әрекетін басқару теориясы, әрі педагогикалық қызметті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру жолдарын қарастырды.

4-кезең 80-жылдардан бастап оқытудың акпараттық информациялық және компьютерлік құралдарымен бірлікте қарауды қарастырады.

Әмірбек Амангельдиев: “Педагогикалық технология деп нақты өмірлік тәжірибеде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасын айтамыз,”- дейді / / . Ал педагогикалық жүйе дегеніміз, өзіндік даралық бейнесі бар, жеке тұлғаны, оқушыны, қалыптастыруға бағытталған белгілі бір алға қойған мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды, әсерді ұйымдастыруға қажетті және өзара байланысқан үрдістер мен әдістердің, құралдардың жиынтығы.

М.В.Кларин мен Т.А.Ильина педагогикалық технология мен оқыту технологиясының мәнін қарастыра отырып, технология ұғымын “педагогикалық үрдістің бөлімдерінің (компоненттерінің) іс-әрекеттер жүйесінде процедуралық қызметтік түрленуі,” - деп қарастырады.

Оқытудағы технология ұғымы, термині, оқыту үрдісінде құрал-жабдықтарды, техникалық оқыту жүйесін, құралдарын пайдалану. Сөйтіп, білім беру технологиясы оқыту (процесінде) үрдісінде мақсатқа жету үшін құралдарды, ережені, пайдалану жолын жобалау (проектілеу) арқылы кепілді түрде нәтижеге жету мүмкіндігін көрсетеді.

Технологияның мәні төмендегі ережелермен анықталады:

Мұғалім педагогикалық технологияның көмегімен оқыту процесінде экспромттардың орнына алдын-ала жобалау, оны іс-тәжірибеде пайдалану, қайта жаңғырту арқылы жоғары нәтижеге жетудің жолдарын қарастырады.

Мұғалімдер күнделікті сабақтарында пайдаланып жүрген әдістемелік жүйе мен көмекші құралдардан педагогикалық технологияның ерекшелігі: оқушылар өз қызметінің оқу-тәрбие үрдісі

барысындағы құрылымымен, мазмұнын алдын-ала жобалап, сол жобаның нәтижесін болжай алады.

Педагогикалық технологияның ең басты мәнді белгісі: мақсаты айқын, нақты, алдын-ала болжау арқылы, диагностикалық негізде, нақты жеткен нәтижелерді ескере отырып қойылғандықтан, оқыту процесін нәтижелі жүргізуге көмектеседі.

Педагогикалық технология төмендегідей қосылғыштардан құралады, тұрады.

Диагностикалық жолмен мақсат қою және оқушылардың білімді меңгеру сапасын, даму дәрежесін, тәрбиелік деңгейін объективті түрде анықтау, бақылау;

Мақсатты конструктивті, айқын, нақты түрде қою;

Жеке тұлғаны тұтас дамыту.

Диагностикалық жолмен айқындалған мақсат

Біріншіден, оқушының бойында қалыптастыруға қажет сапалардың нақты сипатын білдіруі керек;

Екіншіден, осы сапаларды диагностикалық айқындаудың нақты тәсілдерін мұғалім де, оқушы да толық меңгеруі керек;

Үшіншіден, сапалардың өзгеру мүмкіндігін ескеру керек.

Сапаларды бағалау мен тексерудің даму дәрежесін айқындаудың өз көрсеткіштері мен өлшемдері қабылданған. Оқыту үрдісінде тану, нақты пайымдау, қайта жаңғырту (еске түсіру) абстрактылы ойлау, шығармашылықпен қолдану, яғни оқыту процесінің әрбір кезеңінде мақсат нақты, дұрыс қойылған жағдайда, нені қалыптастыру керектігі, оқытудың ең кішкентай бірлігі толық айқын көрінгенде ғана, оқыту технологиялық деңгейге көтерілді деп есептеуге болады.

Сонымен, “Технология дегеніміз педагогикалық тәсілдердің жиынтығы түрінде берілген педагогикалық жүйе,” - деп қарастыруымызға болады. Ол жүзеге асу үшін педагогикалық технология жобалау, іс-әрекет, қызметті атқару барысында осы жобаны жүзеге асыруды білдіреді де педагогикалық технология диагностика қою, жобалау, оның ішінде іс-әрекеттің әрбір түрін бөлек-бөлек жеке жобалауды қамтиды.

Педагогикалық жобалау, іс-әрекет қызметті басқаруда, атқаруда осы жобаны жүзеге асыру үшін диагностика қою, әрбір іс-әрекет түрін жеке-жеке бөлек жобалап отыруды қамтиды.

Бұл, “технология” – көздеген нәтиже орындалуының кепілділігі, әрі болашақ оқу үрдісінің жобасы, ал педагогикалық технология - сатыланған, тәртіптелген іс-әрекет жүйесі,” - деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұған дейінгі оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің басты кемшілігі, барлық оқитын балаларға негізделген жалпы орта білім алу үшін жаппай оқыту әдістемесіне негізделуінде.

Әр оқушының қабілет деңгейі ескерілмей, барлығына бірдей тапсырма береді. Педагогикалық технология дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ықпалдарды ұйымдастыру қажеттілігінен туындаған өзара байланысты процестер.



9 кесте

Ғалымдар:

біріншіден, жаңа педагогикалық технология білім беру процесінде оқушының өз әрекетінің құрылымы мен мазмұны қандай болады; екіншіден, алға қойған мақсатты диагностикалық айқындап, мақсатты орындау жолын қадағалап отыруды; үшіншіден, жоғарыда айтып кеткендей, оқыту ісінің тұтастығы оқушының ынта-ықыласынан, қызығушылығы-нан, қабілеті-нен, оның өз бетімен оқу, ізденуінен және танымдық қызметін басқарудан тұрады. Мұның бәрі оқыту процесінде тұтас қамтылса ғана, логикалық жүйелі түрде бірізді бірлікті жүргізілсе ғана, білім сапасы жоғары деңгейде жүреді. Жаңа педагогикалық технологияға дамыта оқыту үшін, саралық (дифференциалдық) және даралық (индивидуалдық) қатынас қажет. Дамудың әр деңгейі бойынша саралап оқыту оқушының білім меңгеруін 4 деңгейге бөліп қарастыруды, ал саралық қатысты ақыл-ойының интеллектуальдық дамуының жоғарғы жетістігі мен дамуының кешеуілдеуіне қарата ажыратып бөліп оқытуды көздейді. 4 деңгейге бөлу “төменгі деңгей”, “міндетті қалыпты деңгей”,

“жоғарғы деңгей”, “өте жоғары деңгей” болып бөлінеді де, төменгі деңгей және қалыпты, міндетті деңгей оқушылардың дамуында кемшілік болған жағдайда демеп, реттей оқытуды, қалыпты дамыған балалар үшін мемлекеттік білім беру стандарты көлемінде білім беруді және “өте жоғары деңгейде” (творчестволық) шығармашылық біліктілігін дамытуды көздейді.

Мектептердің, жоғары оқу орындарының және басқа да білім беру жүйелерінің жұмыс тәжірибесінде білім беру, оқыту технологиясының әр түрлі түрлері қолданылады.

Оқыту технологиясы оқушының ынта ықыласын ізденіс әрекетін оятуға бағытталады. Оқыту технологиясында мұғалім бұрынғысынша әр баланың деңгейіне сәйкес, қабілеті мен ой-өрісіне қарай, жеке-жеке әсер ету жолдарын қарастырады. Бұл оқушының таяудағы даму сатысының дамуын қамтамасыз етеді.

Жүйелердің жиынтығы болғандықтан жүйелі түрде педагогикалық технологияны ұйымдастырудың соңғы кезде қалыптасқан төмендегі негізгі түрлері белгілі:

1. Компьютерлік оқыту.
2. Ойын технологиясын меңгеру арқылы оқыту.
3. Модельдік оқыту.
4. Модульдік оқыту.
5. Бағдарламалық (программалық) оқыту.
6. Проблемалық (ділгірлік) оқыту.
7. Оқытуды оқушының жеке-дара шығармашылық қызметіне сүйене отырып ұйымдастыру.
8. Оқытудың құрылымдық-логикалық сызба-жүйесін құрастыру технологиясын пайдалану.

Құрылымдық-логикалық немесе есептеу технологиялары дидактикалық есептің қойылымдарын, оларды шешу әдістерін таңдаудың диагностика мен алынған нәтижелердің бағаларын кезектесіп ұйымдастыруды қарастырады. Мұндай есептердің құрылу логикасы әр түрлі болуы мүмкін: қарапайымнан күрделіге дейін, теориялықтан іс-тәжірибелікке (практикалыққа) дейінгі немесе керісінше.

Ойын технологиялары педагог пен оқушының белгілі бір сюжеттерді (ойындар, ертегілер, спектакльдер, іскерлік қатынастар) өткізуі арқылы, өзара іс-әрекетінің ойын формасы түрінде көрінеді. Бұл технологияда оқыту есептері мен педагогикалық жағдаяттар ойын мазмұнына кірістірілген. Оқу процесінде қызықты, сахналандырылған (театрландырылған) қойылым, іскерлік, рольдік, компьютерлік ойындар қолданылады.

Жаңашылдық оқыту негізінде педагогикалық технологияны пайдаланып оқыту мен дәстүрлі оқытудың айырмашылығы: технологияда негізінен білім беру сапасы процессуалдық (атқарушылық), өлшемдік, сандық, сапалық, вариативті бағдарлық бөлімдеріне, ал дәстүрлі оқытуда: мақсаттылық, мазмұндық, себепкерлік, амал-әрекеттік, операциялық құрылымы мен құрылымдық бөлімдеріне (компоненттеріне) назар аударылады да, осы әрбір бөлімнің орынды қолдануына нәтижесі тәуелді келеді. Сондықтан, әрбір шығармашылықпен қызмет етуші, білімді де білікті ұстаз олардың теориялық, әдістемелік негізі мен мәнін, құрылымын, философиясын, тұжырымдамасын меңгеру керек.

№	Педагогикалық технология құрылымы	Дәстүрлі оқыту құрылымы
1	Тұжырымдамалық негізі	1. Ұйымдастырушылық бөлімі.
2	Мазмұндық бөлімі: - оқыту-тәрбиелеу мақсаты, айқын, нақты, дәл қойылады; - білім мазмұны.	2. Мақсаттылығы:қажетті білімнің өзектілігін көрсете отырып, өткен материалды еске түсіру, қайта жаңғырту, қайталау, үй тапсырмасын тексеру.
3	Процессуалдық (атқарушылық) бөлімі – технологиялық процесс. - оқыту процесін ұйымдастыру; - оқушылардың оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; - мұғалімнің оқыту әрекетінің түрлері мен әдістері; - мұғалімнің білім беру, оқушылардың танымдық ізденісін ұйымдастыру мен білім мазмұнын меңгерту процесін басқару әрекеті; - дидактикалық қызметті ұйымдастыруы; - болжау, алдын-ала жобалауы; - реттеуі.	3. Жаңа білімді хабарлау, мазмұндық бөлім. 4. Бекіту. 5. Қорытынды. Ұйге тапсырма.

Педагогикалық технологияның даму көзі мен құрамдас бөліктері

- Әлеуметтік өзгерістер жаңаша педагогикалық ойлау;
- Педагогика, психология, философия, әлеуметтану;
- Этнопедагогика;
- Қоғамдық ғылымдар;
- Педагогикалық озат тәжірибелер;
- Отандық, Ресейлік, таяу және алыс шет елдік тәжірибелер;
- Ескі, тарихи қалыптасқан жаңашылдықтар.

№	Педагогикалық технология типтері	технологиясы	Дәстүрлі оқыту типтері
1	Авторитарлық (бедел)		Репродуктивті-иллюстрациялық
2	Педацентрлік		Түсіндірмелі иллюстрациялық
3	Тұлғалы, бағдарлы оқыту		Проблемалық
4	Ізгілікті-тұлғалы бағыттылы оқыту		программалық
5	Ынтымақтастық		
6	Еркін тәрбие		
7	Экзотерлік оқыту		

Технологияларды классификациялау:
Педагогикалық технологияларды басты белгілеріне қарай
төмендегідей түрде топтастыруға болады:

1	Педагогикалық қарым-қатынасты құру түріне қарай	Демократиялық ізгілікті	Ынтымақтастық педагогикасы. Ізгілікті тұлғалы (Ш.Амонашвили) Әдебиетті оқыту жүйесінде адамгершілікті қалыптастыру (Е.Н.Ильин)
2	Оқушы әрекетін жетілдіру, жандандыру түріне қарай.	Іс-әрекет түрлері негізінде оқыту технологиясы	Ойын; Проблемалық; В.Ф.Шаталовтың әдістемелік жүйесі; Тірек ұғымдар, конспектілер негізінде ірі блоктық оқыту тех.нологиясы; Н.В.Басовтың коммуникативті оқыту жүйесі.
3	Оқу процесін ұйымдастыру, басқару тиімділігіне негізделген		Программалап оқыту. Дифференциалдық оқыту (В.В.Фирсов, Н.П.Гузин) Даралап оқыту (А.С.Границкая) Компьютерлік оқыту технологиясы
4	Әдістемелік жетілдіру. Дидактикалық қайта өңдеу негізіне қарай		П.М.Эрднеев блоктық жүйе негізінде оқыту “Мәдениет диалогы” В.С.Библер Экология и диалектика (Л.В.Тарасова). Ойлау әрекетін сатылап қалыптастыру теориясын жүзеге асыру технологиясы (М.Б.Волович)

5	Табиғатына сәйкестік, табиғилық		Этнопедагогика әдістерін қолдану; Кушнер технологиясы бойынша “Салауаттылыққа тәрбиелеу; М.Монтессори технологиясы
6	Альтернативті		Вальдорф педагогикасы (Р.Штейнер) Еркін тәрбие технологиясы
7	Кешенді–поли-технологиялар		Авторлық мектептер “Өзін айқындау мектебі” А.Н.Тубельский

Педагогикалық технологиялар



Құрылымы, негізгі элементтерінің оқыту барысында “субъект-объект” қатынасының әрекеті алгоритмдік жүйе ретінде қарастырады	Бір оқу пәні шеңберіндегі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жүзеге асыру арқылы дамытуға мүмкіндік беретін әдіс, құрал, тәсілдер жиынтығы	Жеке дара, өз алдарына бөлек-бөлек дербес жүретін әрекеттер технологиясы; ұжымдық шығармашылық істі қалыптастыру; жаңа білім мазмұнын меңгерту технологиясы; жеке дара өз бетінше ізденісті ұйымдастыру; қайталау, жүйелеу, ретке келтіру, жалпылау технологиясы; есепке алу, тексеру, бақылау, бағалау
---	--	--